



**ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ МЕН БІЛІМІН ҚОЛДАУ ҚОРЫ**

**МҰСЫЛМАН  
ӨМІРІНДЕГІ МІНДЕТТЕР  
– ҰСТАНЫМДАР –  
МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ҮЛГІЛЕРІ**

Алматы, 2011 ж.

МҰСЫЛМАН ӨМІРІНДЕГІ  
МІНДЕТТЕР – ҰСТАНЫМДАР –  
МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ҮЛГІЛЕРІ, – Алматы:

Ислам мәдениеті мен  
білімін қолдау қоры, 2011, – 32 бет

© Ислам мәдениеті мен  
білімін қолдау қоры, 2011



## АЛҒЫ СӨЗ

*Бұл кітапшамызда мұсылманның өміріне қажетті жүз әмір мен тыйым, жүз сүннет және жүз әдептілік қағидалары жазылған. Мұсылманның өмірі тілге тиек етілгенде, әрине, мұндағы мәліметтердің қайнар көздері де маңызды. Әлбетте, қайнар көзді, Ислам дінінің негізгі бастауы болған Құран Кәрім мен хадистер құрайды. Жүз әмір мен тыйым дегенде Құран Кәрімнен алынған Алла тағаланың бұйрықтары мен тыйымдарын айтамыз. Жүз сүннет, тек қана хазреті пайғамбардың (с.ғ.с.) хадистері мен сахабалардың ол жайында бізге жеткізген мінез-құлықтарын қамтиды. Ал, жүз әдептілік қағидасы да Құран Кәрімнен, хадистерден және мұсылман ғұламалардың тұжырымдарынан алынған. Мұндағы әдептілік қағидаларына, Ислам дінінің негізгі ұстанымдарына қайшы келмейтін Исламнан тыс кейбір адамгершілік қағидалары да енгізілді.*

*Исламның кез келген уақытта және кез келген жерде өмір сүре алатын, жеңілдетуді ұстаным ретінде ұстанған бір дін екендігін ескере отырып дайындалған материалдар, мұсылманша ойлаудың және мұсылманша әрекет етудің негізгі ұстанымдарын құрайды. Олардың басым көпшілігі өз кезегінде егжей-тегжейлі қарастырылмады. Оларды қабылдап, соған қарай*



өмір сүруге тырысқан адам, шынайы мұсылман ретінде өмір сүруі мүмкін. Негізінен бұл кітапшада орын алған мәліметтердің бірнешеуі көпшілік адамның бойынан табылатын адамгершілік қағидаларды құрайды. Ислам діні де осы сияқты адам бойындағы жақсы мінез-құлықтарды әрі қарай дамытуды қалайды және мұсылмандардан талап ететіні де осы. Себебі Ислам діні, адамның табиғатына сай дін. Адамның табиғатына және негізіне сәйкес келмейтін нәрселерді қабыл етпейді. Діндарлық тек сенумен, не болмаса құлшылық етумен ғана шектелмейтіндігі сияқты, тек қана мінез-құлықтың көркемдігімен де шектелмейді. Сол себепті осы нәрселерге мән бермеу және әдептілік қағидаларына немқұрайлы қарау, діндарлықта кемшілік тудыратыны анық.

Кітапшамызда орын алған әмірлер, тыйымдар, сүннеттер және қағидалар әйел-еркек, кәрі-жас, білетін-білмейтін, т.б. барлық оқырманға арналғандықтан бұларды бөліп-жарып қарауға болмайды. Мұсылманша ойлау және өмір сүру жолы, кез келген уақытта және кез келген жерде бірдей болып, өмірдің кез келген белесінде және жағдайларда көрініс табады. Себебі, Ислам діні сенімді, құлшылықты және әдепті (мінез-құлық) бір-бірінен бөліп қарастырмайды. Бұған қоса, сенім мен құлшылықтың, әлеуметтік өмірге қатысты барлық іс-әрекеттердің және қағидалардың әдептілік тұрғысынан



құндылығы бар. Сондықтан мұсылман адам, өмірге біртұтас қарап, сол бойынша әрекет етуі қажет. Дін өмірдің әрбір сәтінде көрініс тауып, өмірдің ажырамас бір бөлігі болғанда ғана өмірге сән береді. Сонымен қатар үш бөлімде айтылғандардың әрқайсысының өзіндік мәні бар. Оларды бөліп-жарып қарамай, әрқайсысын маңызды деп біліп жүзеге асыру керек. Біз осы еңбегімізде ең маңыздыларына тоқталып отырмыз.

Негізінде мұсылман қауымы осы кітапшада берілген әмір-тыйым, сүннет және әдептілік қағидаларынан хабардар. Бірақ, өкінішке орай, мұсылман қоғамындағы қайғы-қасіреттің, ішкі күйзелістердің, қиындықтардың басты себебі, осы білген, сенген нәрселерін амалға асырмай, көбінесе немқұрайлы қарауларына байланысты. Біз мұсылмандардың немқұрайлылық танытқан осы нәрселерін жаңа әдіспен қолға ала отырып, түсінікті тілмен көпшілік қауымға ұсынып отырмыз. Өкінішке орай, қазіргі таңда адамдар, том-том кітаптарды ашып ізденудің орнына дайын мәліметтерді пайдалануға тырысады. Осы жәйтті ескере отырып, мұсылманға өмірге қажетті болған негізгі нәрселерді мүмкіндігінше ықшамдап әрі мағыналы түрде жеткізуге тырыстық. Сондықтан, бұл кітапшаның оқырман қауымға берер пайдасы мол деген үміттеміз.



## **АЛЛАҺ ТАҒАЛАНЫҢ 100 ӘМІРІ МЕН ТЫЙЫМЫ**

Адам жаратылыстардың ең абзалы, ақыл, сезім және дене пішімі тұрғысынан ерекше жаратылған.

Алла бүкіл ғаламның Ұлы Жаратушысы, Ол жер бетіндегілердің тамаша өмір сүрулері үшін адам баласын халифа етіп жаратты. Бірақ адамға жол көрсету үшін дін түсіріп және адамдарды оған мойынсұнуды бұйырған.

Ал діннің негізі Алланың кітабы Құран Кәрімде жинақталған.

Бұлардың бір бөлігі әмірлерден, бір бөлігі тыйымдардан, ал бір бөлігі болса өсиеттерден тұрады.

## **100 ӘМІР МЕН ТЫЙЫМ**

1. Алла тағаланың Жаратушы, Раб және Иләһ сипаттарына шын жүректен сену (иман ету).

2. Ақыретке (қиямет, қайта тірілу, тағдыр, есеп беру және амалдардың сыйы мен жазасының берілуі ) сену.

3. Жақсылық пен жамандықтың жаратушысы Алла екендігіне, жақсылық пен жамандықтың орындалуында адамның да үлесі бар екеніне



сену. Алланың басымызға түсіргеніне риза болу.

4. Пайғамбарларға және хазреті Мұхаммедтің соңғы пайғамбар екеніне сену.

5. Кітаптарға және Құран Кәрімнің соңғы кітап екендігіне сену.

6. Періштелерге сену.

7. Ширк, күпір, қарсылық, екі жүзділіктен аулақ болу, осы жағдайға алып баратын әр қандай жолдардан қашық болу.

8. Намаз, ораза, зекет, қажылық құлшылықтарын орындау.

9. Жүніп, хайыз және нифастан кейін ғұсыл құйынып, намаз, тәуаф, тіләуәт сияқты құлшылықтар үшін дәрет алу: дәрет пен ғұсыл алуға шамасы келмейтіндей жағдайда тайяммум алу.

10. Істердің дұрыстығын пысықтау үшін Құран Кәрім және хазреті Мұхаммедтің сөздері мен іс-әрекеттерін үлгі ету.

11. Хазреті Мұхаммедті үлгі ету.

12. Дінді үйрену және үйрету.

13. Аллаға қарсы келуден, бұйрықтарына мойынсұнбаудан және Алладан қорқу.

14. Дін өз қалауымен таңдалады, амал да шын көңілден жасалады. Ешкімді Исламға кіруге, ал мұсылмандарды амал етуге зорламау.



15. Қасиетті нәрселерді және мекендерді, басқалардың да қасиетті деп танығандарына құрмет көрсету.

16. Аллаға дұшпандық жасағандармен дос болмау, Аллаға дос болғандармен достасу.

17. Әлемдегі жаратылыстың және адам баласының ие болып отырған нәрселерінің негізінен Аллаға тән екендігін сезе білу.

18. Діннің әмір және тыйымдарын шын көңілден жақсы көре отырып мойындау және өз қалауымен орындау.

19. Халал нәрселерді ішіп-жеу, харам азықтардан аулақ болу.

20. Тәлім-тәрбиеге көңіл аудару, білімді үйреніп үйрету, білімнің ең бағалы қазына екенін мойындау.

21. Балаларды ең жақсы жолмен тәрбиелеу.

22. Өзінің және отбасының нәпақасы үшін еңбек ету, нәпақаны халал жолмен табу.

23. Міндетін атқарған соң Аллаға тәуекел ету; қолынан келгенін орындаған соң қалғанын Аллаға қалдыру.

24. Алланың мейірімінен үміт үзбеу; азабынан қорқу, жәннаттан үміт ету.

25. Аллаға мадақ айту, шүкіршілік ету.

26. Алланы еске алу, таспих ету, зікір ету.

27. Дұғаны тек Аллаға жасау, Алладан ғана жәрдем тілеу.





28. Күнәдан қашық болу, біліп-білмей жасалған күнәлар үшін тәубе ету және кешірім тілеу.

29. Құлшылық, дұға, тәубе секілді амалдарды араға еш дәнекер қоспай тікелей Аллаға жасау.

30. Басқатүскенқайғы-қасірет, қиыншылықтар себебінен Аллаға қарсы келмеу. Дүниемен қош айтысқандар үшін шашын жұлып, бет тырнамау.

31. Ықылас, тақуа, шыншыл, ихсан секілді жақсы сипаттарға ие болуға тырысу.

32. Жақсылық және ізгі істердің ақыретте сыйлығын, күнә, жаман амалдардың болса, ақыретте жазасын алатынын білу.

33. Жауапкершілікті сезіну; Аллаға, қол астындағыларға, бүкіл жаратылыстарға деген жауапкершілікті сезіну.

34. Зұлымдықпен, әділетсіздікпен басқаның мүлкіне қол сұқпау, адамның ақысын жемеу, біреуге зияны тиген болса, кешірім сұрау.

35. Адамдардың қандай да бір ақысын жемеу, оларды қорғау, зиян келетін іс-әрекеттерді жасамау, оларға зиян тигізушілерге қарсы тұру.

36. Адамдарды өзінен кем санамау, мұндай ойлардан да қашық болу, адамдарды тең және азат деп білу.

37. Әртүрлі дінге еріп кетпеу үшін дұрыс жолды таңдау.

38. Мүміндерді бауыр деп білу, бауырлар арасындағы жанжалдарды күшейтпей араларын жарастыру.



39. Тақуалықты алға қою, соғыс ең соңғы шешім, соғысқа бар мүмкіншілік, қайрат, жігермен дайын болу, соғыс алаңынан қашпау.

40. Әр адам өзінің жасаған әрбір нәрсесінен сұралады. Ешкім ешкімнің сауабын да, күнәсін де көтермейді.

41. Жер бетінде жақсылық пен әділеттіліктің жайылуына атсалысу, оларды адамдарға түсіндіріп үйрету; адасушылық, жамандық, лас нәрселерден адамдарды алыстатуға шақыру.

42. Аманатқа қиянат жасамау, сөзінде де, аманатта да сенімді болу.

43. Берілген сөздер мен уәделерде тұру.

44. Қандай мәселе болса да қабылданған шешімге мұқият болу.

45. Маңызды істер жасағанда мамандармен ақылдасып, кеңесу.

46. Әр істі өз маманына беру.

47. Ешкімге де көтере алмайтын жүк жүктемеу; әркімге тапсырылатын тапсырманы қабілеті мен мүмкіншілігіне қарай беру.

48. Бос және жарамсыз нәрселермен айналыспау.

49. Білмейтін нәрселердің соңына түспеу, немесе пайдасы жоқ мағлұматтарға көңіл аудармау.

50. Адамның дұрыс болуы, дұрыс нәрсені жасауға тырысу, дұрыс нәрсені өсиет ету.



51. Адамдарды мазақтамау, ұнатпайтын лақап атты таңбау, болмайтын нәрсе үшін айыптамау.

52. Адамдардың кемшіліктерін іздемеу.

53. Әртүрлі ысырап пен шектен шығудан қашу.

54. Сөз тасымау, біреудің сыртынан күмәнді ой ойлаудан қашық болу; нақты болмаса біреуді айыптамау.

55. Жала жаппау.

56. Зұлымдық жасамау; залымдардың мына дүниеде де, о дүниеде де жазасыз қалмайтынын білу.

57. Әділетсіздік жасамау, әділетсіздерді жақтамау.

58. Жамандыққа жақсылық жасау.

59. Нәпсінің қалауларына және шайтанға ермеу; шайтанның түрткілерінен және уәсуәселарынан (азғыру) Аллаға сыйыну.

60. Әртүрлі жамандықтар мен жауыздықтарға қарсы тұру, керек жерінде Аллаһ жолында малымен, жанымен жиһад ету.

61. Әртүрлі арсыздықтардан (фақшы); Алла да, адамдар да ұнатпайтын істерден (мүнкер); азғындық, жындылық, шектен шығушылықтан аулақ болу.

62. Тәкәппарлықтан, менмендіктен сақтану.

63. Сабырлы болу, мүміндерге сабырлықты өсиет ету.



64. Жасампаздықтан сақ болу, сырт көрініс үшін құлшылықты да жасамау.

65. Әртүрлі іс-әрекет және мәселеде әділ болу.

66. Таразымен өлшеуде, сауда-саттықта әртүрлі қулық жасамау.

67. Пайыз, астыртын биржа, сыбайластық, құмар секілді арам табыстардан қашу.

68. Ішкілік, есірткі, ұрлық, айлакерлік, күш көрсетіп тартып алу секілді харам істерден қашу.

69. Ата-анасына қарайласу, оларға үнемі дұға жасап, күнәсінің кешірілуін тілеу.

70. Ұятты жерлерді жабу, ұятты киім және істерден қашу.

71. Төсек қатынасын тек некелі жарымен ғана жасау, өмір бойы бірге, бір отбасы болып отырамыз деген ниетпен ғана некеге тұру.

72. Отбасының сырлары мен ынтымағын сақтау, отбасындағы келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешу, ажырасуды ең соңғы шараға қалдыру.

73. Ажырасуға тура келген жағдайда міндеттерді дұрыс атқару; әйелі мұқтаж болған нәрсені ері толтыру.

74. Арлы-намысты және әдепті болу; арсыз және намыссыздықтан сақ болу.

75. Ар-намысын, ұятын қорғау.

76. Зинадан қашу, зинаға себепші болмау және одан пайда көрмеу; зинаның басқа да түрлерінен аулақ болу.



77. Әйеліне хайыз, нифас уақытында жақындаспау.

78. Өтірік сөйлемей, жалған хабарды жаймау, жалғанға куә болмау.

79. Бос және жалған ант ішпеу; берілген антты орындау.

80. Сиқырды жасамау және жасатпау; сиқыр және палшыларға сенбеу.

81. Жөнсіз кінә тақпау.

82. Адам өмірін бағалай білу, адамның арнамысына тиетін нәрселерден аулақ болу.

83. Адам өлтірмеу, жараламау, зорлық-зомбылық жасамау, өзіне де қол жұмсамау.

84. Жетімдерге қарайласу, жетімнің ақысын жемеу, керісінше оны қорғау.

85. Бүліктен, яғни қоғамның ынтымағы мен татулығын бұзатын іс-әрекет және пікірлерден қашық болу.

86. Қоғамның ынтымағына үлес қосу.

87. Екі жүзділіктен қашық болу, екіжүзділік іс-әрекеттерді жасамау.

88. Сатқындық жасамау, тіл мен ойымызға да алмау.

89. Жәрдемдесу мәселелерін ұйымдастыруға атсалысу.

90. Қайтарымын күтпей шын көңілмен қол ұшын созу, садақа беру.

91. Жасалған жақсылықтарды, берілген садақаларды міндет етпеу.



92. Жақын туыс пен достарға материалдық және рухани тұрғыдан демеушілік жасау.

93. Мұраны әділ жолмен бөлісу, әйелдерге де мұраның үлесін беру.

94. Ашуланбау, кешірімді болу.

95. Орынсыз дұшпандық жасамау, кек және қан дауынан қашық болу.

96. Қызғанышқа берілмеу.

97. Дөрекі және жауыз болмау.

98. Шектен шықпау, Алланың қойған шектерін бұзбау.

99. Материалдық және рухани тұрғыда таза болу, тазалықты діннің алғашқы шарттарынан деп білу, өйткені Алла тазалықты және таза болушыларды сүйеді.

100. Үнемі жағымды, әдемі нәрселерді жасау. Өйткені Алла әдемі және әдемілікті сүйеді.

## **ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ ХАЗРЕТІ МҰХАММЕДТІҢ (с.ғ.с.) 100 СҮННЕТІ**

Пайғамбардың сүннеті – өмір сүрудің бір жолы. Басқаша айтқанда, сүннет – Құран Кәрімнің хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) тарапынан жүзеге асырылған өмір сүру салты. Сондықтан, оған жәй ереже деп қарамау қажет. Сүннет өмірді кеңінен қарастыратын, жүріс-тұрысымызға тікелей қатысты қағидалар жиынтығы. Осыған



орай, төменде тізбектеліп берілген сүннеттер, хазреті пайғамбардың (с.ғ.с.) өмірін толығымен қамти отырып дайындалды. Айтар болсақ, одан бізге келіп жеткен хадистердегі кейбір қағидалар сияқты оның жалпы өмірінен алынған мінез-кұлық үлгілері де оның сүннетінің бір бөлігін құрайды. Мәселен, хазреті пайғамбар (с.ғ.с.) өмірінде көптеген қиыншылықтарға тап болса да, ол ешқашан алып келген нәрсесін жеткізуден бас тартпаған. Қанша қиыншылыққа, ашаршылыққа душар болса да, оларды күресе отырып жеңе білген. Міне, бүкіл адамзаттың ең соңғы пайғамбары хазреті Мұхаммед Мұстафадан (с.ғ.с.) үлгі ретінде алатын сүннет осы болса керек. Себебі, оның дара сүннеті, өмірге бағыт-бағдар беретін аса құнды іс-әрекеттерге толы әрі өмірдің негізін құрайды. Қорыта айтқанда, сүннет тек діни мәселелерге ғана қатысты нәрсе емес. Сонымен қатар, әлеуметтік өмірде де сүннеттің іздерін көруге болады. Бұл нәрселер де әлеуметтік сүннет болып есептеледі.

## **100 СҮННЕТ:**

1. Құран әдебін бойына сіңіріп, соған сай өмір сүру.
2. Әр істі «бисмилләмен» бастау.
3. Сәлем беру және сәлемге жауап қайтару.



4. Адамдармен қол алысу, қажет болса құшақтасу.

5. Адамдардың хал-жағдайын сұрау, амандық-саулық сұрағанға жауап қайтару.

6. Қай жерде немесе қай жаста болмасын ілім үйрену.

7. Үйренген ілімін адамзаттың пайдасына қолдану, оларды басқаларға үйрету және білген ілімдерін бөлісу.

8. Бір хабарды жеткізгенде сүйіншілеу және жеңілдету.

9. Адамдардың істеген нәрселерін ниеттеріне қарай бағалау.

10. Жастық шақтың қадірін білу.

11. Уақытты бағалай білу.

12. Денсаулықтың қадірін білу, рух және дененің саулығын қорғау, денсаулыққа зиян тигізетін нәрселерден сақтану.

13. Аурудың емін іздеу.

14. Адамдардың әрдайым қолданысына жарайтын еңбектер жазып, қайырлы, пайдалы мирас және өшпес үлгі қалдыру, еңбек ету мен жақсы әдетті дамыту.

15. Өзінің мамандығының шеңберінде ғана сөз сөйлеп, жұмыс істеу.

16. Халықтың Исламның негізгі қағидаларына қайшы келмейтін әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қолдап, оны әрі қарай жандандыру.





17. Бір қателікті екі рет қайталамай ақылдылықпен, парасаттылықпен әрекет ету.

18. Екі күні бір-біріне ұқсамай, үнемі алға жылжуға және өзгеріс енгізуге тырысу.

19. Сөйлегенде байсалдылық танытып, қанағаттанарлық дәрежеде сөйлеу.

20. Пайдалы сөз сөйлеу не болмаса үндемеу.

21. Нақты әрі түсінікті тілде және қасындағы адамның дәрежесіне қарап сөйлеу.

22. Кішіпейіл, инабатты болу.

23. Жылы жүзді болу.

24. Аз күлу.

25. Қорқақ болмау, батыл бола білу.

26. Мұсылмандарды бауыр санап, олардың қуанышымен бірге қуану, мұңлы және қайғылы сәттерін бірге бөлісу.

27. Адамдардың бәрін бірдей Алланың жаратқан құлдары деп білу, оларды құрметтеу және оларға сүйіспеншілікпен қарау.

28. Табиғаттағы тіршілік иелерін және жан-жануарларды қорғау.

29. Үлкендерді құрметтеп, кішілерге мейірімділік пен қайырымдылық көрсету.

30. Үш күннен артық ренжімеу және ренжіскендердің арасын татуластыру.

31. Ағайын-туыстарға және жора-жолдастарға барып тұру.

32. Уәдесіне берік болу; ағайын-туыс, жора-жолдастармен қарым-қатынасты үзбеу.



33. Балаларға жақсы ат қою.

34. Дүниеге келген бала үшін шүкір құрбандығын (ақиқа) шалу.

35. Жеті жастан кейін балаларға дінді үйрету.

36. Балалардың арасын бөліп-жарып қарамау.

37. Отбасының тәртібі мен тұрақтылығына мән беру; ерлі-зайыптылардың бір-бірінің құқықтарына құрмет көрсетулері; отбасын басқаруда отағасының белсенді рөл атқаруы.

38. Ерлі-зайыптылардың бір-бірлерін жақсы көріп, құрмет көрсетулері және бір-бірлерінің арнамыстарын, абыройларын қорғаулары.

39. Ауруларды зиярат ету.

40. Қайтыс болғандардың туыстарына көңіл айту.

41. Көршілерге қарайласу.

42. Кейбір намаздарда парыздан бұрын, кейбіреуінде парыздан кейін сүннет намаздарын оқу, мүмкіндігінше нәпіл намаздарды оқуға тырысу.

43. Мүмкіндігінше жамағатпен намаз оқуға тырысу.

44. Дәретпен жүру.

45. Адамдарды жиіркендіретін лас, жағымсыз иіс, ұнамсыз көрініс, киім және жаман іс-әрекеттер мен сөздерден сақтану.

46. Дұға жасағанда қолды көтеру және бет сипау.

47. Дүйсенбі күндері ораза ұстау.



48. Адамдарға Исламды жеткізгенде әдептілік пен сыпайылық танытып, түсіністікпен қарап, бірбеткейліктен аулақ болу.

49. Адамдардың қажеттіліктеріне қол ұшын беру.

50. Басшылардың әділетті, сөздеріне берік, мейірімді болулары және төңірегіндегілермен ақылдасулары.

51. Нәсіл, дін, діл, қоғам, заң, экономика, ер-әйел, бай-кедей деп бөліп-жарып қарамау, осылай жасағандарды қоғамнан алыстату.

52. Ең қиын шарттарда және уақыттарда болсын қорқақтық танытпау.

53. Қиыншылық пен жоқшылыққа қарсы күресе білу.

54. Тура сөзді болу.

55. Сенімді болу.

56. Сөзінде тұру.

57. Саудаласып қойған сауда ісіне килігіп, араны бұзбау.

58. Пара алмау, пара бермеу.

59. Бөтен үйге рұқсатсыз кірмеу.

60. Бөтен үйдің есігін үш рет қағу немесе қоңырау тетігін үш қайтара басу.

61. Отырғанда әдебіне сай сыпайылықпен отыру.

62. Шақырылған жерге бару.

63. Сыйлық беру, берілген сыйлықты алу.



64. Тамақ жегенде асықпай сіңіре отырып жеу және өз алдынан жеу.

65. Суды үш реттен ұрттап, мүмкіндігінше отырып ішу.

66. Бір нәрсе жеп жатып сөйлемеу, әлдекім жеп жатқанда аузына қарамау.

67. Адамдармен сөйлескенде жүзіне қарау.

68. Кешірім сұрау, кешірімді болу.

69. Кешірімшіл болу, өш алмау.

70. Ашуланғанда өзін ұстай білу.

71. Адамдарға және жануарларға қиянат жасамау.

72. Адамдарды шектен тыс көздерінше мақтамау.

73. Кішіпейіл болу.

74. Тіліне ие болу, ғайбаттан, жалақорлықтан, өсек айтудан сақтану.

75. Балағаттамау және жаман сөз сөйлемеу.

76. Ешкімге қарғыс айтпау, қарғыс айтудан және қарғысқа ұшыраудан сақтану.

77. Қанағатшыл болу, өзіне жетерлік нәрсеге қанағат етіп, қолында барына разы болу.

78. Ұятты, әдепті және арлы болу.

79. Әлдекімнің сұранысын қабылдамағанда, сыпайылық танытып жұмсақ тілмен жеткізу.

80. Биязы және жанашыр болу.

81. Қонаққа жақсы қарым-қатынас көрсетіп, оны күту.



82. Әлсіздің және жапа шеккен адамдардың жанында болу.

83. Жетімдерге, жесірлерге, кедейлерге, жолда қалғандарға, әлсіз және ешкімі жоқтарға, аш қалғандарға қолдау көрсетіп, жәрдем беру.

84. Адамдардың мұқтаждықтарына қол ұшын созып көмек көрсету. Қарыз болған кісіге, тұтқынға және өзгелердің бодауына түскендердің құтылуына жәрдем беру.

85. Жолды білмегендерге жол көрсету.

86. Кемтарларға, мүгедектерге бас- көз болып, қамқорлық жасау.

87. Сыртқы келбетіне мән беру.

88. Өте сәнді және көз тартарлықтай киінбеу, қарапайым киіну.

89. Қалай болса солай киініп халықтың арасына шықпау.

90. Жұмысшыға маңдай тері қатпай тұрып ақысын беру.

91. Кісінің өз шаруасын өзі істеп, басқаларына жүк болмауы.

92. Кез келген уақыт және кез келген істе орта жолды ұстанып, шегінен шықпау және шегінен тым азайтып та жібермеу.

93. Қоғамдық тәртіпке зияны тиетін іс-әрекеттерден сақтану, осылай жасаушылардан сақ болып, оларға қарсы күресу.



94. Өзіне қатысы жоқ істерден бойын аулақ ұстау.

95. Басқаларға зиянын тигізбеу.

96. Өзіне қалаған нәрсені басқаға да қалау.

97. Түшкіргенде «әлхамдулиллә» – деп айту. Мұны естіген адам түшкірген кісіге есендік тілеп, лажы болса «ярхамукаллаһ» деп айту, түшкірген кісіге де «яһдини уа яһдикумуллаһ» – деп жауап қайтаруы қажет.

98. Есінегенде аузын жабу.

99. Ағаш егу.

100. Құран Кәрім, Қағба, құбыла, мешіттер, азан, қажылық жасалатын жерлер, құрбан шалу, сүндетке отырғызу сияқты Исламның нышандары мен рәміздерін (шеәйри – Ислам) қорғау, өмір сүруін камтамасыз ету, басқа дін және сенімдердің рәміздерін тақпау.

## **100 ӘДЕПТІЛІК ҚАҒИДАСЫ: КӨРКЕМ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ӨЛШЕМДЕРІ**

Әдептілік қағидалары (адабы-муашерет) деп – адамдармен қарым-қатынаста ден қойып орындалуы қажет болған іс-қимыл ережелерді айтамыз. Бұл ережелердің қайнар бұлағы – Құран Кәрім, хадистер және мұсылман



ойшылдарының ислами көсқарастары мен ислам мәдениеті болып табылады.

Ислам діні адамдардың бір-бірімен ымыраласып, қоғам болып және әдептілікке сай өмір сүруін қолдайды. Ешбір қоғам жәйдан-жәй құрылмаған. Әрбір қоғамның өзіне тән салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы және мәдениеті бар. Төмендегі әдептілік қағидалары, қай жерде және қандай қоғамда өмір сүрсе де мұсылман кісінің күнделікті өмірінде қолданатын жеке дара және әлеуметтік қарым-қатынас қағидалары болып табылады. Мұндағы әдептілік қағидаларын маңызсыз деп қарамау қажет, керісінше бұл қағидалардың әрқайсысы жоғарыда айтылып өткендей Құран Кәрімнің әмірлері мен сүннеттері сияқты адам өміріндегі маңызы өте зор. Себебі мұсылманның өмірінің әрбір сәтінде әдептілік орын алуы тиіс. Құлшылықты ықыласпен орындау да, діндар болу да осы нәрселерді мұқият жүзеге асырумен ғана болады.

## **100 ӘДЕП:**

1. Ақыл, жан, дін және дүние-мүлік Алла тағаланың адамзатқа берген ең бағалы және абыройлы сыйы. Ақылды, дінді, дүние-мүлікті, жанды және ұрпақты қорғаудың (Заруураты



–Хамса) дүниеде және ақыретте бақытқа қол жеткізетін бірден-бір шарт екендігін қабылдау.

2. Кез келген уақытта және кез келген жерде мұсылманшылыққа сай әрекет етіп, оқиғаларды ой елегінен өткізе отырып, бір тұжырымға келу.

3. Бақытқа қол жеткізу үшін Алла тағаламен және адамдармен дұрыс, бейбіт қарым-қатынас жасау.

4. Асып-таспау. Өзінің шегін білу де адамгершілікке жатады. Шегін білмеген адам Жаратушысын да білмейді.

5. Алдымен жақсы адам, сосын жақсы мұсылман болу. Жақсы адам жақсы мұсылман болады. Ал, жақсы мұсылман да жақсы адам болады.

6. Алла тағаланың бұйрықтарын құрметтеп, оның жаратқандарына мейірімділікпен қарау.

7. Хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарға салауат пен сәлем айту.

8. Алла тағаланың сансыз нығметтерін, аяттарын және әлемдегі таңғажайып жүйесін ойлап, бұлардан ғибрат алу.

9. Өмірдің және адамзаттың мәнін түсінуде парасаттылықпен әрекет ету, оқиғалардың соңын дұрыс таразылау және әлемдегі таңғажайып жүйеден ғибрат алу.

10. Құлшылықты шынайы ықыласпен және шарттарына сай орындау.





11. Әрдайым Алла тағаладан қорқып, харам (тыйым салынған) нәрселерден, күнәлардан бойын аулақ ұстап, бүтін ағзаны күнә, қате және жаман нәрселерден қорғау.

12. Діни мәселелерде адамдармен тартыспау, бұл тақырыпты талқылап, сөз сөйлегенде байсалдылық таныту, нақты білмеген тақырыптарды қозғамау.

13. Мұсылмандарды істеген ұсақ-түйек қателіктеріне байланысты көпір, пасық және мұнафық (екіжүзді) деп айтпау.

14. Татулыққа, кешірімді болуға және кішіпейілділікке баулу.

15. Негізінде Алла тағаланың жаратқан нәрселерінің барлығы таза және адал, харам етілмегенше еш нәрсені харам деп қабылдамау.

16. Білімге және ғалымға құрмет көрсетіп, оның қадірін білу.

17. Ақыл және логиканың өлшемдерін қолданып, соған сай әрекет ету.

18. Болмашы нәрсеге бола адамдарды айыптамау.

19. Адамдардың жасаған қылмыстарын, айыптарын және күнәларын беттеріне баспау және жария етпеу.

20. Адамдарды алдап-арбамау.

21. Кез келген нәрсеге дұрыс жағынан қарап, дұрыс ойлай білу.



22. Үмітшіл болу, үмітсіздікке салынбау.

23. Барлық нәрсені өз уақытында және орнымен істеу. Соның ішінде құлшылықты бірінші орынға қою.

24. Адамгершілікке, мұсылмандыққа және бауырмашылдыққа сай өмір сүру үшін күресу.

25. Адамдардың және қоғамдардың арасындағы өзгешелікті Алла тағаланың тағдыры деп біліп, бұл өзгешеліктерге құрметпен қарау.

26. Өмір сүру, сену, денсаулық, білім алу сияқты негізгі бостандықтарды қорғау.

27. Соғыста тек қана соғысқа қатысқандармен соғысу.

28. Әртүрлі қысым көрсетуші пікір және іс-әрекеттен бойын аулақ ұстау.

29. Бейтараптылықтан және әділеттіліктен бас тартпау.

30. Сәлемдескенде, хал-жағдай сұрасқанда, амандасқанда көркем түрде жауап беру.

31. Өзінен үлкендерге тіл қатқанда ақырын сөйлеу, өзінен кішілерге де жұмсақ әрі мейірімділікпен тіл қату.

32. Сыпайы және әдепті түрде сөйлеу.

33. Алдындағы адамның сөйлеуіне де мұрсат беру.

34. Сұралған сұрақтарға жауап қайтару, айтылған жауаптарды тыңдау.

35. Ниеті таза болу.



36. Байсалды және ұстамды болу.
37. Көңілі бай болу.
38. Көзбаяушылықтан аулақ болу.
39. Дінге және адамға қатысты істерде адал болу.
40. Адамдарға күдікті ойлар тастамау.
41. Салмақты болу.
42. Алланың және адамдардың жақсылықтарына рахмет айту; шүкірсіздік жасамау.
43. Бір қателік жасайтын болса, артынша кешірім сұрау.
44. Жиі-жиі өзін есепке тартып, өзін-өзі сынға алу.
45. Жаман сөз сөйлеуден және балағаттаудан сақтану.
46. Нәпсінің тілек-қалауларын халал, дұрыс жолмен қамтамасыз ету.
47. Адамдар жүретін жолдардағы кедергілерді алып тастау.
48. Әйелдердің әйелге тән, еркектердің де еркекке тән киінуі және соған сай қарым-қатынас жасаулары.
49. Той-томалақ және соған ұқсас жиындарға қатысу.
50. Жаназа намазына қатысу.
51. Қабірлерді, кесенелерді зиярат етіп, онда жатқандарға дұға жасау және өлімнен ғибрат алу ниетімен бару.



52. Қайтыс болғандардың жақсылықтарын айтып еске алу.

53. Атадан қалған естеліктер мен мәдени мұраларға ие болу.

54. Әкенің достарымен қарым-қатынасты үзбей, оларға қолынан келгенше жақсылық жасау.

55. Отанын және ұлтын сүйіп, оның құндылықтарын қорғау.

56. Өндірілген, адамдардың қолданысына ұсынылған нәрселердің ешқайсысына зиянын тигізбеу. Кімдікі болғанына және кімнің жасағанына қарамастан, ол нәрселерге нәтижеде ұлттың байлығы не болмаса адамзаттың ортақ мүлкі ретінде қарау.

57. Ережелер мен заңдарға бағыну.

58. Басшыларға бағыну.

59. Жасамайтын, қолынан келмейтін нәрселерді айтпау және уәде бермеу.

60. Қоғамды тәртіпсіздікке, ұрыс-керіске және олардың тыныштығын бұзуға итермелейтін іс-әрекеттерден, ой-пікірлерден аулақ болу.

61. Шет тілін үйрену.

62. Өзге елдерде болғанда ол жердің ережелері мен заңдарына, қоғамдық құрылысына және қоғамдық құндылықтарына, әдет-ғұрыптарына, діндері мен сенімдеріне құрмет көрсету.



63. Мамандығын жақсы меңгеріп, лайықты түрде жұмыс жасау.

64. Қол астындағыларға жұмсақ қарым-қатынас жасап, оларды қорғап, төлем-ақыларын өтеу.

65. Дос таңдағанда мұқият болу, зияны тиетін достардан сақтану.

66. Дос, жолдас-жоралардың кәдірін білу, олардың жасаған қиянаттары мен ауыртпалықтарына сабыр ету.

67. Жақсылық жасап қол ұшын бергенде, ішкізіп-жегізгенде жомарт болу, сарандықтан сақтану.

68. Жақсылыққа жақсылықпен жауап беру, ең болмағанда жылы шырай таныту.

69. Қоғамдық жұмыстарға белсене қатысу.

70. Бөлінушілікке салынбау.

71. Ешкімге және ешнәрсеге қате түсінікпен қарамау.

72. Сыр сақтай білу, себебі сыр сақтаудың өзі аманат.

73. Әрбір естіген нәрсесіне сене бермеу және естігендерін жария етпеу.

74. Дүние-мүлік, мансап, мәртебе сияқты дүниелік нәрселерді және адамдарды шектен тыс жақсы көріп, оларды Құдай дәрежесіне шығармау.



75. Туыстарына және барлық адамзатқа қайырлы дұға жасау.

76. Жеккөрушілік, кекшілдік сияқты жаман мінез-құлықтардан бойын аулақ ұстау.

77. Асығыстықтан сақтану, шешім қабылдағанда асығыстық жасамай байыппен әрекет ету.

78. Бүлік шығармау және бүлікшіл болмау.

79. Әділетсіздікке жол бермеу.

80. Қол еңбегін, жұмыс жасауды өзіне қасиетті бір ұстаным ретінде ұстану.

81. Қоғамның және жеке бастың қалыптасуында үнемі алға қарай ұмтылу.

82. Мұқтаждарға қол ұшын беру, құрбандық шалу.

83. Құқықтық кодекстерді біліп, оларды табандылықпен қорғау.

84. Жүйелі, жоспарлы, тәртіпті өмір салтын құрып, оны әрі қарай жалғастыру.

85. Білмейтін болса, білгіштік танытпау.

86. Менменшілдіктен сақтанып, оның алдымен өзіне зиян беретіндігін білу.

87. Тек қана өзін ұнатудан сақтану, өзін ғана толық билік иесі санамау және жеке басының камын ойлаудан аулақ болу; өзінің білгендерін ғана дұрыс деп ойламай, басқа ой-пікірлердің де дұрыс болу мүмкіндігін естен шығармау.



88. Қателеспеудің тек қана Аллаға ғана тән екендігіне, кез келген адамның жаңылысып, қателесетіндігін білу.

89. Өзінің еш нәрсеге мұқтаж еместігін ойлаудың және тек қана өзіне сенім артудың адамға пайда бермейтіндігін білу.

90. Дүние мен ақырет бақытын бірдей мақсат тұту.

91. Кіруге тыйым салынған орындарға кірмеу және басқыншылық жасамау.

92. Қарыз сұрағанға қарыз беру, алған қарызын уақытында қайтару.

93. Хат-хабар, құттықтауларға жауап беру.

94. Адам тәніне зиянды ас-тағамдардан, ішкіліктерден, киім-кешек және осы сияқты нәрселерден сақтану.

95. Ашкөз, қомағай болмау.

96. Шектен тыс тамақ жемеу.

97. Ашықтан-ашық адамдардың көз алдарында кекірмеу, түшкірмеу, сіңбірмеу және түкірмеу.

98. Жолға күл-қоқыс, лас нәрселерді тастамау және түкірмеу.

99. Сұхбат орындарына барғанда бос жерге отыру.

100. Мешітке таза киімдерін киіп, хош иісті сулар сеуіп бару.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Куран Керим*
2. *Хадис Китаплары, Кутуби Ситте.*
3. *Ахмед б. Абдулазиз б. Касым Хаддад, Ахлақун-Наби фил-Куран уас-Сүннә, Дарул-Фарбил-Ислами, Бейрут 1996.*
4. *Ахмед Иса Абду Ғалиб, Исламда Адабы-Муашерет, чевирен: Исмаил Кая, Кония 1991.*
5. *Ибрахим Үнал, Куран ве Сүннет Ышыгында Гөргү, Анкара 1994.*
6. *Исмаил Чальшкан, Куранда Дин Каврамы, Анкара Окулу Яайнлары, Анкара 2002.*
7. *М. Зеки Думан, Куран Керимде Адабы-Муашерет (Гөргү Кураллары), Истанбул 2003.*
8. *Мухаммед Абдуллаһ Драз, Куран Ахлакы, чевирен: Эмруллаһ Юксел, Үнвер Гүнай, Из Яайнжылык, Истанбул 1993.*
9. *Нилүфер Үнсал, Бухаринин Эдебул-Мүфредди Багламында Хз. Пейгамберин Сүннетинде Гөргү Кураллар (Юксек Лисанс Тези), Адана 2006.*
10. *Осман Шекержи, Кураны Керим Ахлакы, Яайлажык Матбаасы, Истанбул 1988.*
11. *Heyet, İslam'a Giriş, Diyanet İşleri Başkanlığı Yayınları, Ankara 2007.*
12. *Yünni Sezen, İslam'ın Sosyolojik Yorumu, İstanbul 2000.*